

Мемлекет басшысы телекөпір арқылы бірқатар автокөлік жолының құрылысын бастап берді

Президент «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпірде сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, бүгін еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

– «Жол – тіршіліктің күретауыры». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаңызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бұл жұмыстың бәрі Қазақстанның көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

– Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», ал келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қарағанды – Алматы», «Орталық – Оңтүстік», «Атырау – Астрахан», «Талдықорған – Өскемен», «Қалбатау – Майқапшағай» бағытындағы жолдар – соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Жақында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған – Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын

көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлігі 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жалпы ұзақтығы 774 шақырымды құрайтын «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстары басталғанын мәлімдеді.

– Бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысады. Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат – елімізді Еуропамен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін тұйық нүкте саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақтылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған көміл сенемін. Баршаңызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұдан бөлек Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке өңір тұрғындарының ризашылығын жеткізді.

Akorda.kz.

Жастар күніне арналған марапаттау

Халықаралық Жастар күнін мерекелеу аясында Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжановтың Алғыс хатымен Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығының еріктісі Диана Юсупқызы Хутиева марапатталды.

Марапаттауды Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Еранұлы Айтбаев жүргізді.

Алғыс хат белсенді волонтерлік қызметке, Жастар бастамаларын дамытуға және ауданның қоғамдық өміріне қатысуға қосқан үлесіне лайықты баға болды.

Диана Юсуповнаны лайықты марапатымен құттықтаймыз және одан әрі табыстар, жаңа жетістіктер мен жарқын жобалар тілейміз!

Бұланды ауданының
Жастар ресурстық орталығы.



ҚАЗАҚ ТІЛІ – БАРШАҒА ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Ұлт болып қалыптасу үшін оның сөйлейтін тілі, мәдениеті, әдебиеті, рухани құндылықтары бір арнаға тоғысуы керек. Ал, оны тоғыстыратын – тілі. Себебі тіл – ұлттың мәдениеті, рухани байлығы, болмысы, тарихы және өркениеті.

«Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп дабыл қағып, Ахандар айтқандай: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ұран салып жүрген уақытта өзге ұлт өкілдерінің арасынан қазақ тілінің қаймағын бұзбай, тұнығынан тұнып, тереңінен толғап сөйлейтін жандарды көргенде кеуденің қуаныш кернеп, мемлекеттік тілдің болашағына үлкен үмітпен қарайсың. Сондай жандардың бірі Рахмат Ахметовна Бекботова. Ұлты ингуш болса да Рахмат Ахметовна қазақша еркін сөйлейді. «Қаламыздағы «Облгыз» ЖШС-да қазақша таза сөйлейтін өзге ұлт өкілі қызмет істейді. Орысша білмейтін жерлерімізге қазақша түсіндіреді»- дегесін арнайы іздеп бардық. Айтса айтқандай Рахмат Ахметовна қазақшаға сұдай екен. Бейне бір алдымызда қазақ ұлтының азаматшасы тұрғандай. Ашық-жарқын, емин-еркін әңгіме өрбітті.

Рахмат Ахметовна Шортанды ауданына қарасты Ключи ауылында дүниеге келген. Балалық шағы сол ауылда өтті. Мектеп табалдырығын аттады, білім алды. 16 жасында әкесі дүниеден өтіп, анасына жәрдемдесіп, үй шаруасына көмектесті. Кейін тұрмысқа шығып, Макинск қаласына келді. Қазақ тілін қалай үйрендіңіз, не себеп болды? деген сұрағымызға мақала кейіпкері: «Мен бала кезде қазақ балалармен ойнап өстім. Ортама қазақ орта болғандықтан маған қазақша үйрену жеңіл болды. Мектепті бірақ орысша оқыдым. Мектепте тек бір сабақ ғана қазақ тілінде өтетін. Қазақ балаларымен бірге өсіп қазақ халқының тілін ғана емес, салт-дәстүрлерімен де танысып өстім. Үлкен қазақ ата-апалардың қасында ойнап жүріп, әңгімелерін, айтқан ақылдарын тыңдайтынбыз. Көрші апалар құрт қайнататын. Сол кісілердің қасынан шықпайтынбыз. Сол ауылда балалық шағымнан бастап 17 жылым өтті. Анам қазақша түсінетін бірақ сөйлей алмайтын. Мен еркін сөйлеп үйрендім. Қазақша білгенім жұмысыма, жалпы қоғамдық өмірде көп пайдасын тигізіп келеді. Жұмысыма келген қазақтармен мен қазақша сөйлесем. Кейібреулер менімен орысша амандасып сосын өздері ұялып жатады. Маған қазақша сөйлескен ұнайды. Бірде аялдамада қазақша сөйлесіп тұрсақ бір ата келіп «қызым қазақша қалай



таза сөйлейсің» деп қуанып, батасын берді»-деп жауап берді.

Рахмат Ахметовна 1976 жылы қаламызға келін болып келді. 1998 жылы алғашқы еңбек жолы қаламыздағы «Облгыз» ЖШС-да басталды. Сол жерде еселі еңбек етіп, зейнетке шықты. Еңбегіне адал, жауапты маман болғандықтан зейнетке шықса да қызметінен қол үзбей алғаш еңбек жолы басталған «Облгыз» ЖШС-да қазір қойма меңгерушісі болып еңбек етуде. Бір сөзінде Рахмат Ахметовна: «Қазақ ауылда өскесін болар, қазір де қазақ ортамен араласам. Бір байқағаным қазақтардың көбі орысша сөйлейді. Тойға, дұғаға барғанда байқалады. Мен олармен керісінше қазақша сөйлесем. Маған ұнайды өйткені. Ауылға барсам бәрі «қазақ тілін ұмытқан жоқсың ба» деп сұрайды. Қазіргі араласатын ортама да қазақ орта мен қалай ұмытам деймін оларға»- деген еді.

Мақала кейіпкерінің қазақ тіліне, қазақ халқының салт-дәстүріне деген құрметі бізді тәнті етті. Бауырлары да өзі сияқты қазақ тілін жетік меңгерген екен. Олармен де алдағы уақытта танысатын боламыз.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

БІЛІМ САЛАСЫ

Қазақстандағы оқу бағдарламалары мен білім беру стандарттары жаңа Конституцияның нормалары бойынша қайта қаралды

Оқу жылының басында Оқу-ағарту министрлігі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік оқу жоспарларды жаңартылған негізгі Заңның ережелеріне сәйкес келтірді. Бұл туралы Үкімет отырысында ведомство басшысы Жұлдыз Сүлейменова мәлімдеді.

Министр жаңа оқу жылы еліміз үшін тарихи маңызы зор кезеңде басталғалы отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың нақты қолдауларымен және іргелі реформаларының нәтижесінде білім саласында шешімін тапқан жүйелі әрі кешенді нәтижелер бар. Күшіне енген Жаңа Конституция Қазақстанның дамуының жаңа бағдарларын айқындады. Оның негізінде заң үстемдігі, еңбекке құрмет және әрбір азамат үшін тең мүмкіндіктер қағидаттары жатыр. Бүгінгі таңда елімізде 12 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оларда 1 млн-нан астам бала тәрбиеленуде. Оның ішінде 360 мың бала мектепалды даярлықтан өтті. 20 қалада және облыстардың 23 ауданында ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Жобаны іске асыруда 1,1 млн ваучер берілді. Нәтижесінде 2 жастан 6

Сондай-ақ үлгілік оқу жоспарларының құрылымы оңтайландырылды. Оқушылардың барлық оқу пәндеріне толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқартылған үлгілік оқу жоспарлары алынып тасталды. Бастауыш сыныптарда бағалау тәсілдері жаңартылды. Атап айтқанда, бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) алынып тасталды. Күнделікті (қалыптастырушы) бағалаудың рөлі күшейтілді. Диктанттар, мазмұндама, шығарма, жобалар, ауызша және практикалық жұмыстар секілді бағалау әдістерін мұғалім өзі тандап, аралық бақылау формасы ретінде жүзеге асыратын болады. Биыл алғаш рет QazTech платформасында Бірыңғай «OQU» платформасы аясында «1-сыныпқа қабылдау» кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау Оқу-ағарту министрлігі мен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірлескен бұйрығы негізінде пилоттық жоба шеңберінде жүзеге асырылған. Жеке-лей атап өтетін жайт, өтініштердің 88,7%-дан астамы электрондық форматта қабылданды. Бұл ата-аналарға білім беру ұйымдарына жеке бармай-ақ, барлық қажетті

қамқорлығы. Жүйелі қолдау біздің оқушыларымыздың халықаралық зияткерлік жарыстардағы нәтижелерінде де айқын көрінеді. 2025-2026 оқу жылында қазақстандық оқушылар 44 халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысып, 1 059 медаль және 57 арнайы марапатқа ие болды. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда марапаттар санының 96%-ға өскенін көрсетеді. Қазақстан құрамасы робототехника бойынша төрт дүркін әлем чемпионы, химия бойынша Халықаралық Олимпиаданың үш дүркін чемпионы, ал ғылыми физикадан абсолютті чемпион атанды. Осы жылдың ең маңызды жетістіктерінің бірі Колумбияда өткен 56-шы Халықаралық физика олимпиадасында тарихи жеңіс болды. Қазақстан құрамасының барлық бес қатысушысы алтын медаль жеңіп алып, ел тарихында бұрын-соңды болмаған нәтижеге қол жеткізді.

Жаңа оқу жылының ерекшелігі – жасанды интеллектің орта білім беру жүйесіне енгізу. Осы мақсатта «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің атауы өзгертілді. Осы жылғы 12 мамырда Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды

құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 38 мың оқушы орнына арналған 72 мектептің құрылысы аяқталатын болады.

Алғаш рет 2030 жылға дейін «Қазақстанбалалары» тұжырымдамасы қабылданып, балаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары бірыңғай жүйеге біріктірілді. Тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін 10 индикатор және 158 іс-шара көзделген. 1 қыркүйектен бастап балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға және өмірлік тұрақтылығын дамытуға негізделген «Жеке қауіпсіздік» курсы енгізіледі. Сонымен бірге бірыңғай цифрлық мемлекеттік диагностикалық платформа енгізіледі. Ол балалардың жағдайын жүйелі түрде бақылауға, тестілеуге формалды көзқарасты болдырмауға және Ұлттық білім беру деректер қорын трансформациялау шеңберінде баланы үздіксіз сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2026 жылы еліміздің барлық өңірінде Балалардың құқықтарын қорғау басқармалары құрылды. Олардың негізгі міндеттері – балалардың құқықтарын қорғау жұмыстарын үйлестіру, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларды сүйемелдеу, Психологиялық қолдау

мемлекеттік тапсырыстарды бірыңғай цифрлық платформада біріктірген мемлекеттік бірыңғай тапсырыстың жаңа моделін апробациялау жұмыстары жалғасуда. Қыркүйек айынан бастап қосымша білім беруді басқарудың бірыңғай цифрлық моделіне көшу мақсатында жоба Ақмола, Жамбыл, Түркістан, Павлодар және Абай облысында кезек-кезеңімен кеңейтілетін болады.

«Елімізде 763 колледж жұмыс істейді, онда 556 мың студент білім алуда. Техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында биыл мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында колледждерге 133 мың студентті қабылдау жоспарлануда. Мемлекеттік білім беру тапсырысының 70%-ы техникалық бағыттар бойынша кадрлар даярлауға бағытталатын болады. Кәсіпорындардың өтінімдері негізінде, кейіннен міндетті түрде жұмысқа орналастыруды көздей отырып, 10 мыңнан астам студентті қабылдау жүзеге асырылуда», — деді министр.

Биыл колледждерге құжаттарды қабылдау «OQU» бірыңғай платформасы арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіптік стандарттардың,



жасқа дейінгі балалардың кезегі 160 мыңнан 23 мыңға дейін қысқартылып, бюджет қаражатының 35,3 млрд теңгесі үнемделді», — деді Жұлдыз Сүлейменова.

Сонымен қатар ведомство басшысы балалардың мамандықтар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру және еңбекке баулу мақсатында 100 балабақшада «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» ерте кәсіптік бағдарлау әдістері пилот негізінде жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Қазіргі уақытта еліміздегі 8 мыңнан астам мектепте 4,1 млн оқушы білім алады. Биыл 380 мың бала бірінші сыныпқа қабылданатын болады. 11-сыныпқа 227 мың оқушы көшті. Өткен оқу жылында 230 мыңнан астам оқушы мектеп бітірді. Оқу-ағарту министрлігі білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде Жаңа Конституция қағидаттарын кезең-кезеңімен енгізу бойынша кешенді жұмысты жүйелі түрде жүзеге асыруда. Бүгінгі таңда білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары және оқу бағдарламалары жаңа Конституция нормаларына сәйкес қайта қаралды.

Министрдің мәліметінше жаңа оқу жылынан бастап білім беру мазмұны бірқатар жаңа міндетті оқу курстарымен толықтырылады. 5-7-сынып оқушылары үшін «Конституция негіздері» пәні, 8-11-сыныптарда «Заң мен тәртіп» міндетті оқу курсы енгізіледі. Сонымен бірге 5-11-сынып оқушылары үшін «Жеке қауіпсіздік» міндетті оқу курсы енгізіледі. Бұған дейін таңдау пәні ретінде оқытылып келген «Құқық негіздері» курсы барлық оқушылар үшін міндетті пәнге айналды және мазмұны Жаңа Конституция қағидаттарына сәйкестендірілді.

рәсімдерді онлайн режимде жүзеге асырып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын аңғартады.

«1-сыныпқа балаларды қабылдау бекітілген кестеге сәйкес 2026 жылғы 27 мамырдан 31 тамызға дейін кезек-кезеңімен жүргізіледі. Биыл 1-сыныпқа 380 мыңнан астам бала қабылданады деп күтілуде. Бұл ретте ата-аналардың өтініш беру белсенділігі жоғары деңгейде сақталуда. Сонымен бірге білім беру ұйымдарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4 202 бала қабылданды. Жалпы, балаларды бірінші сыныпқа қабылдау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Дамыған цифрлық инфрақұрылымның және жергілікті жерлерде жұмысты тиімді ұйымдастырудың арқасында жергілікті атқарушы органдар отбасылардың қажеттіліктеріне уақтылы ден қойып, әрбір баланы мектепке қабылдауды қамтамасыз етуді», — деді министр.

Бүгінде Қазақстан халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен оларды дайындаған педагогтерге мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілетін санаулы елдердің бірі болып саналады. 2022 жылдан бастап Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Халықаралық зияткерлік жарыстарда елімізді лайықты түрде танытып жүрген дарынды оқушылар мен олардың педагогтерін ынтыластырудың жүйелі тетігі қалыптасты. Атап айтқанда, Халықаралық олимпиада жеңімпаздарына медаль деңгейіне байланысты 500-ден 1500 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде біржолғы сыйақы тағайындалды.

Бұл Мемлекет басшысының дарынды жастарға ерекше

интеллектің енгізу жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды. Қазіргі уақытта Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, аталған Жарлықты жүзеге асыру жөніндегі 2026–2029 жылдарға арналған Кешенді жоспарды әзірледі. Министрдің баяндауынша 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап Павлодар және Қызылорда облыстарындағы 10 шағын жинақты мектепте жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту мақсатында пилоттық жоба іске қосылады. Жалпы, пилоттық кезеңде жоба 500 шағын жинақты мектепті қамтиды. Жоба 2029 жылға дейін барлық 2 600 шағын жинақты мектепке кеңейтіледі.

Мектептерді пәндік кабинеттермен жабдықтау жұмыстары жалғасуда. Жоспарланған 1 409 кабинеттің бүгінде 1 007-сі сатып алынды. Сонымен бірге адами капиталды дамытуға, балалар мен жастарды қолдауға, білім беруде тең мүмкіндіктерді қалыптастыруға арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы «Samruk-Kazyna» Қорының білім беру саласын дамытуға қосқан үлесін атап өтуге болады. Қор 2024 жылдан бастап мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуда. Бүгінде мұндай кабинеттер 31 мектепте ашылды. 2026 жылы жоба Ақтөбе мен Семей қалаларында тағы 15 мектепте жүзеге асырылатын болады. Күрделі жөндеу жұмыстары жалпы жобалық қуаты 117 мың оқушы орны болатын 178 мектепте жүргізілуде. Осы жылғы 1 қыркүйекке дейін 106 мектептегі күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. Қазіргі уақытта 59 мың оқушы орнына арналған 101 мектептің

көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру және бала құқықтарының бұзылуын ерте анықтау. Жүргізіліп жатқан жұмыстар халықаралық деңгейде жоғары бағалануда. 2025 жылғы қаңтар және маусым айларында Біріккен Ұлттар Ұйымының мүше мемлекеттері Қазақстанның негізгі құқықтар мен бостандықтарды, оның ішінде балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге арналған реформаларына жоғары баға берді. ЮНИСЕФ Қазақстанды Орталық Азия елдері, сондай-ақ бірқатар Еуропа мемлекеттері үшін балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үлгі ел ретінде атап өтуде. Сонымен бірге ауқымды реформалар халықаралық деңгейде де мойындалды. KidsRights Index 2026 рейтингіндегі Қазақстанның позициясы елімізде балалардың құқықтарын қорғау саласында берік негіз қалыптасқанын көрсетеді. Қазақстан 194 мемлекеттің ішінде 24-орынға ие болып, жаһандық үздік-25 қатарына енді.

Тәрбие жұмысы – жан-жақты дамыған, жауапты әрі отаншыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. «Адал азамат» бағдарламасының бірыңғай дизайн-кодын кезек-кезеңімен енгізу еліміздің барлық мектептерінде жалғасуда. Оның мақсаты – заңға бағынатын, азаматтық жауапкершілігі жоғары адал азамат тәрбиелеу. Жыл соңына дейін «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында Экологиялық ағарту жұмысының бірыңғай стандартын қабылдау және енгізу жоспарлануда.

Қосымша білім беру жүйесінде білім беру, спорттық және шығармашылық

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (ГОСО) және WorldSkills стандарттарының талаптарын ескере отырып, шамамен 500 білім беру бағдарламасы әзірленіп, жаңартылды. 27 колледжде білім беру бағдарламаларының халықаралық салалық және кәсіптік талаптарға сәйкестігін бағалау рәсімі өткізілді. Аккредиттеу қорытындысы бойынша 134 педагог пен 347 студент халықаралық сертификаттарға ие болды. Жыл басынан бері шетелдік колледждермен академиялық ұтқырлық, халықаралық салалық аккредиттеу және т.б. мәселелер бойынша 80-ге жуық меморандум мен келісімге қол қойылды. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялау аясында колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы әріптестікті нығайту басым бағыттардың біріне айналды. Дуальды оқытумен қамтылған студенттер саны 2025 жылғы 91 мыңнан 2026 жылы 138,2 мыңға дейін артты. Дуальды оқыту 552 колледжде 11 мыңнан астам кәсіпорынның қатысуымен жүзеге асырылуда. Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының оқу-өндірістік қызметінің мүмкіндіктерін кеңейтетін өзгерістер Кәсіпкерлік кодекске енгізілді. Сонымен қатар сырттай оқыту және колледждерді рейтингтеу мәселелері бойынша Министрліктің құзыреті алынып тасталды, ал халықаралық кәсіптік шеберлік конкурстарының жеңімпаздарына Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпей-ақ жоғары оқу орындарына түсу құқығы берілді. Министрлік әкімдіктермен бірлесіп, жаңа оқу жылына дайындық барысын күнделікті негізде бақылауда ұстайтын болады.

(Жалғасы 3 бетте).

СФЕРА ОБРАЗОВАНИЯ

Учебные программы и стандарты образования пересмотрели по нормам новой Конституции в Казахстане

(Продолжение, начало на 2 стр.)

В Казахстане завершается комплексная подготовка организаций образования к предстоящему учебному сезону. Особое место в проводимой работе занимают обновление содержания учебных программ под нормы Новой Конституции, цифровая трансформация процессов зачисления, расширение инклюзивной среды и поэтапная интеграция инструментов искусственного интеллекта. О ключевых результатах и готовности образовательной инфраструктуры на заседании Правительства доложила министр просвещения Жулдыз Сулейменова.

По ее словам, система дошкольного воспитания охватывает более 1 млн детей в более чем 12 тыс. организациях, при этом дошкольную подготовку прошли 360 тыс. воспитанников. Эффективность доказал пилотный проект по ваучерному финансированию, запущенный в 20 городах и 23 районах: выдано 1,1 млн ваучеров, что позволило снизить очередность детей от 2 до 6 лет со 160 тыс. до 23 тыс. и сэкономить 35,3

млрд тенге бюджетных средств. В 100 детских садах апробируются методы ранней профориентации «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу».

В школьном секторе, объединяющем свыше 8 тыс. школ и 4,1 млн учащихся, в первые классы планируется принять 380 тыс. детей. Государственные общеобразовательные стандарты, типовые планы и программы приведены в соответствие с нормами Новой Конституции.

«Начиная с нового учебного года содержание образования дополняется рядом обязательных предметов. Для учащихся 5-7 классов вводится «Основы Конституции», для 8-11 классов – курс «Закон и порядок», а для 5-11 классов – курс «Личная безопасность». Предмет «Основы права» становится обязательным для всех. Кроме того, оптимизированы типовые планы за счет исключения сокращенных форматов, а в начальной школе отменены СОР и СОЧ в пользу усиления ежедневного формативного оценивания», — подчеркнула Жулдыз Сулейменова.

Приемная кампания в первые клас-

сы впервые реализуется на базе платформы QazTech в рамках единой системы OQU, где более 88,7% заявлений поступило в электронном виде. В школы зачислено 4202 ребенка с особыми образовательными потребностями.

Значительным направлением трансформации среднего образования становится интеграция искусственного интеллекта. В рамках исполнения Указа Главы государства утвержден Комплексный план на 2026-2029 годы, скорректированы названия предметов «Цифровая грамотность» и «Информатика». С 1 сентября в 10 малокомплектных школах Павлодарской и Кызылординской областей стартует пилотный проект с использованием технологий ИИ, который в дальнейшем масштабируется на 500 школ, а к 2029 году – на все 2600 малокомплектных учебных заведений.

Продолжается укрепление материально-технической базы: из 1409 запланированных предметных кабинетов поставлено 1 007 (70%). Кабинеты поддержки инклюзии уже функционируют в 31 школе Астаны, Атырауской и Акмо-

линской областей, а в текущем году откроются еще в 15 школах Актобе и Семей. Капитальный ремонт ведется в 178 школах проектной мощностью 117 тыс. мест, из них до 1 сентября работы завершатся на 106 объектах. Одновременно строится 101 новая школа на 59,3 тыс. мест с вводом 72 школ на 38,2 тыс. мест до конца года.

Большое значение придается защите прав детей. Впервые принята отраслевая Концепция «Дети Казахстана» до 2030 года, включающая 10 индикаторов и 158 мероприятий. Во всех регионах созданы профильные управления по защите прав детей, запускается модуль «Психологическое благополучие детей» в структуре НОБД 3.0. Позиции Казахстана в глобальном рейтинге KidsRights Index 2026 улучшились – страна заняла 24-е место среди 194 государств, войдя в топ-25. Воспитательная работа дополняется внедрением дизайн-кода программы «Адал азамат» и подготовкой Единого стандарта экологического просвещения в рамках акции «Таза Қазақстан». В дополнительном обра-

зовании механизм единого госзаказа масштабируется на Акмолинскую, Жамбылскую, Туркестанскую, Павлодарскую области и область Абай.

Развитие системы технического и профессионального образования охватывает 763 колледжа и 556 тыс. студентов. В рамках госзаказа планируется принять 133 тыс. человек, причем 70% объема выделено на технические специальности, а свыше 10 тыс. мест распределено по прямым заявкам предприятий с обязательным трудоустройством. Приемная кампания также переведена на единую платформу OQU. Охват дуальным обучением вырос до 138,2 тыс. студентов в 552 колледжах с участием более 11 тыс. предприятий. Законодательные изменения закрепили расширение учебно-производственной деятельности колледжей, право аренды спортивных объектов во внеучебное время, а также предоставили победителям международных конкурсов профмастерства возможность поступать в вузы без сдачи ЕНТ.

primeminister.kz.

Абай күніне арналған дөңгелек үстел

Абай күні қарсаңында қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбаевтың өмірі, шығармашылығы мен бай рухани мұрасына арналған дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға қатысушылар Абай шығармашылығының қазіргі ұрпақ үшін маңыздылығын, оның философиялық көзқарастарын, білім, адамгершілік, еңбекқорлық және білімге ұмтылу идеяларын талқылады.

Абай шығармаларына ерекше назар аударылды, олар бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді және жас ұрпаққа адамның құндылықтары, жауапкершілігі мен рухани дамуы туралы ойлауға көмектеседі.

Кездесу барысында қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, Абай мұрасы – ұрпақты біріктіруді жалғастырып келе жатқан халықтың баға жетпес рухани игілігі екенін атап өтті.

Ұлы Абай – бұл тарих қана емес, бүгінгі күні де айтылып келе жатқан даналық.

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.



Круглый стол, посвященный Дню Абая

В преддверии Дня Абая состоялся круглый стол, посвященный жизни, творчеству и богатому духовному наследию великого казахского поэта, мыслителя и просветителя – Абая Кунанбаева.

Участники мероприятия обсудили значимость творчества Абая для современного поколения, его философские взгляды, идеи образования, нравственности, трудолюбия и стремления к знаниям.

Особое внимание было уделено произведениям Абая, которые и сегодня остаются актуальными и помогают молодому поколению задуматься о ценностях, ответственности и духовном развитии человека.

В ходе встречи участники поделились своими мыслями и отметили, что наследие Абая – это бесценное духовное достояние народа, которое продолжает объединять поколения.

Абай – это не только история, но и мудрость, которая продолжает звучать сегодня.

Молодежный ресурсный центр Буландынского района.



День с книгой



В рамках программы летнего отдыха детей в Модельной детской библиотеке состоялась познавательная и увлекательная встреча «День с книгой».

Лето – прекрасное время для отдыха, новых открытий и, конечно же, для чтения. В этот день юные читатели отправились в настоящее путешествие по страницам любимых книг. Ребята познакомились с новыми красочными изданиями, которые появились в библиотеке, с интересом рассматривали яркие иллюстрации, вспоминали любимых литературных героев и выби-



рали книги для дальнейшего чтения.

Особое внимание было уделено тому, что книга – это не просто источник знаний, а настоящий проводник в мир фантазии и приключений. Вместе с



литературными героями можно отправиться в далёкие страны, пережить невероятные приключения, научиться дружбе, доброте, смелости и взаимовыручке.

Юные читатели с удовольствием читали отрывки из понравившихся произведений, делились своими впечатлениями, рассказывали о любимых книгах и героях. Каждый смог найти для себя что-то интересное и увлекательное.

Такие встречи помогают детям не только расширять кругозор, но и развивают воображение, речь, любознательность и интерес к чтению. А главное – дарят возможность провести летний день интересно и с пользой.

Книга умеет удивлять, вдохновлять и дарить самые яркие эмоции! Лето продолжается, а значит, продолжаются и наши книжные приключения. Ждём юных читателей в библиотеке, где каждый день может стать новым путешествием в мир книг!

* * *

Волшебная кисточка

В рамках программы летнего чтения «Летние приключения в стране книжных чудес» в Модельной детской библиотеке состоялась творческое занятие «Волшебная кисточка».

Встреча началась с увлекательного знакомства с новинками детской литературы. Юные читатели с интересом рассматривали красочные обложки, листали яркие страницы, знакомились с необычными сюжетами и героями. Многие книги сразу вызвали интерес и



желание взять их домой для самостоятельного чтения.

А затем ребята сами стали настоящими художниками и отправились в мир сказок и фантазии. С помощью красок, кистей и собственной богатой фанта-



зии они изображали на бумаге любимых сказочных героев, волшебные страны и удивительные сюжеты.

Каждый рисунок получился особенным и неповторимым. Кто-то изобразил знакомых персонажей любимых сказок, а кто-то придумал собственную историю и нарисовал её необычными

героями. Ребята с удовольствием делились своими задумками и рассказывали о том, что вдохновило их на создание рисунков.

Творческое занятие показало, что книга может вдохновлять не только на чтение, но и на творчество. Знакомые сказочные истории оживают в детских рисунках, а любимые персонажи приобретают новые краски и образы.

Занятие прошло весело, интересно и очень творчески. Ребята получили возможность проявить фантазию, раскрыть свои художественные способности и просто провести время в приятной атмосфере среди книг и друзей.

Пусть лето будет наполнено яркими красками, добрыми сказками, интересными книгами и новыми открытиями! А Модельная детская библиотека всегда рада своим юным читателям!

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.

СЕМЕЙНЫЙ БЮДЖЕТ

Сколько стоит собрать ребенка в школу: цены на школьные товары и расходы родителей

До начала нового учебного года остаются считанные дни. Родители спешат подготовить детей к школе: покупают одежду, обувь, рюкзаки и необходимые канцелярские принадлежности. Мы решили присоединиться к этому предшкольному ажиотажу и отправились на рынок и торговые дома, чтобы узнать, во сколько в этом году обойдется подготовка ребенка к школе.

Все знают, что на рынках крупных городов перед учебным годом в самом разгаре школьная ярмарка. И многие

сические брюки - примерно от 3,5 тысячи. Средняя стоимость школьной обуви - около 15 тысяч тенге.

По словам продавцов, цены на одежду для девочек и мальчиков также различаются. Платья для девочек стоят примерно от 4 до 8 тысяч тенге, для мальчиков - от 3 до 7 тысяч. Брюки для мальчиков можно найти примерно за 5 тысяч тенге, для девочек - около 8 тысяч.

Стоимость костюма-тройки начинается примерно от 16 тысяч тенге.



жители района, действительно, едут в ближайшие города: Щучинск, Кокшетау и Астану на школьную ярмарку. Родителей с детьми здесь немало. Кто-то ведет ребенка за руку, а в другой держит пакеты с покупками. Дети примеряют новые рюкзаки, крутятся перед зеркалом, а родители тем временем внимательно изучают ценники.

И каждый год мы, родители, невольно, замечаем тот факт, что цены с каждым годом растут на те или иные товары. Итак, мы решили подсчитать, во сколько сегодня может обойтись базовый набор вещей для одного школьника.

По словам продавцов, окончательная цена во многих случаях зависит от количества покупок и качества выбираемого товара. Кто-то берет подешевле, кто-то подороже.

Такая ситуация хорошо показывает одну из главных сложностей подготовки к школе. Родителям приходится одновременно учитывать потребности ребенка, его желания и возможности семейного бюджета. Особенно когда речь идет о рюкзаке, обуви или школьной форме: выбор большой, но вместе с ним растет и разброс цен.

Продавцы отмечают, что основной спрос на школьные товары начал заметно расти примерно с середины августа.

При этом родители признаются: по сравнению с прошлым годом многие товары подорожали.

- В прошлом году рюкзак можно было купить примерно за 3 500 тенге,

Юбочный костюм для девочек также стоит около 16 тысяч.

Если сложить даже минимальные цены, получается внушительная сумма. К примеру, рюкзак - 5 тысяч тенге, платье или рубашка - 3 тысячи, брюки - 3,5 тысячи, костюм - 15 тысяч, обувь - 15 тысяч. Только эти пять позиций обойдутся примерно в 41,5 тысячи тенге.

И это еще далеко не полный список расходов. К нему нужно добавить тетради, ручки, карандаши, другие канцелярские принадлежности, спортивную форму, сменную обувь и прочие необходимые вещи.

Конечно, у каждой семьи свой подход к школьным покупкам. Кто-то старается максимально использовать вещи, оставшиеся с прошлого года. Другие родители предпочитают покупать качественные товары, рассчитывая, что ребенок будет пользоваться ими несколько лет.

Но какую помощь в подготовке детей к учебному году оказывает государство? - этот вопрос тоже весьма актуальный.

Так, согласно информации Министерства просвещения, в этом году в рамках Фонда всеобщего обязательного образования планируется оказать помощь примерно 450 тысячам детей. На эти цели из местных бюджетов предусмотрено около 23 млрд тенге.

Помощь предоставляется в период с 1 августа по 30 сентября.

Минимальный размер выплаты на одного ребенка составляет 50 851 тенге, что на 10% больше показателя про-

попечения родителей, детей из малообеспеченных семей и семей, получающих адресную социальную помощь, а также для школьников, оказавшихся в трудной жизненной ситуации.

Для получения выплаты родителю или законному представителю необходимо предоставить необходимые документы в образовательную организацию, где учится ребенок.

При этом наличие требований к школьной форме не означает, что родители обязаны покупать ее в конкретном магазине. Форма и требования к ее внешнему виду определяются образовательной организацией с участием родителей и коллегальных органов школы. А вот где именно покупать необходимые вещи и сколько на это потратить - каждая семья решает самостоятельно.

В итоге подготовка к школе для родителей остается непростой задачей. Одним удается уложиться в минимальный бюджет, другие предпочитают не экономить на качестве. Но в любом случае расходы складываются не только из стоимости формы и рюкзака. Канцелярия, обувь, спортивная одежда и другие необходимые принадлежности заметно увеличивают итоговую сумму.

Нам остается только пожелать выгодных покупок родителям, успешной учебы в предстоящем учебном году школьникам, ведь полная обеспеченность школьной одеждой и необходимыми принадлежностями - это не только забота родителей, но и важная составляющая комфортного начала учебного года.

* * *

Август – время запасов

Август - последний месяц лета, но для многих жителей района это вовсе не время для отдыха. Пока школьники наслаждаются последними каникулярными днями, у взрослых забот становится все больше. Нужно подготовить детей к школе, запастись топливом на зиму, заготовить продукты, подумать о корме для домашнего скота. Словом, дел - полный рот.

Именно в августе семейный бюджет начинает испытывать дополнительную нагрузку. Многие сезонные покупки откладывать уже нельзя: чем ближе осень, тем больше хлопот.

Дрова и уголь - в запас до холодов

Для жителей частного сектора одна из главных задач - подготовить дом к отопительному сезону.

Те, кто отапливает жилье печью или твердотопливным котлом, стараются заранее приобрести дрова и уголь. И это понятно: заниматься доставкой и складированием топлива поздней осенью или зимой гораздо сложнее.

По предложениям в Акмолинской области, цена дров сегодня заметно различается в зависимости от породы дерева, способа заготовки, объема и доставки. К примеру, колотые березовые дрова в объявлениях предлагают примерно по 18 тысяч тенге за кубометр. Есть и более дорогие варианты, особенно если речь идет о доставке непосредственно до дома.

Получается, даже небольшой запас топлива - уже ощутимая статья расходов. А если дом большой и зима предстоит холодная, одной машиной дров, конечно, не обойтись.

Поэтому многие хозяева стараются решить этот вопрос заранее: подсчитать необходимый объем, сравнить цены и договориться о доставке.

Пока есть урожай - пора делать заготовки

Еще одна традиционная августовская забота - домашние заготовки.

На кухнях кипит работа: хозяйки маринуют огурцы и помидоры, солят овощи, варят варенье и компоты, закрывают салаты на зиму.

На первый взгляд кажется, что



домашние заготовки позволяют существенно сэкономить. Но сами по себе они тоже требуют расходов. Банки, крышки, сахар, соль, уксус, специи - все это приходится покупать.

Если овощи и фрукты выращены на собственном огороде, расходы значительно ниже. Но когда урожая не хватает, приходится отправляться на рынок.

При этом домашние заготовки - это еще и своеобразная инвестиция в семейный стол. Купленные сейчас сезонные овощи и фрукты зимой будут напоминать о лете, а домашняя консервация во многих семьях становится хорошей альтернативой магазинным продуктам.

Правда, прежде чем начинать масштабную заготовку, хозяйкам придется считать не только количество банок, но и стоимость их содержимого.

Без сена зимой никак

Для сельских жителей и владельцев домашнего хозяйства август - еще и время подготовки кормов.

Сено необходимо заготовить заранее. Кто-то косит его самостоятельно, кто-то покупает готовые рулоны или тюки.

Свежие объявления этого года пока-

по мелочам

В итоге получается довольно внушительный список августовских расходов.

Школьная форма и канцелярские принадлежности, дрова и уголь, сено и зерно для животных, овощи и фрукты для консервации, банки, сахар и другие продукты - все это приходится покупать практически одновременно.

Причем многие расходы носят сезонный характер. Дрова выгоднее и удобнее приобрести до наступления холодов. Сено - пока идет активная заготовка. Овощи и фрукты - пока на них сезонные цены. А школьные товары - пока магазины и рынки заполнены необходимым ассортиментом.

Для сельской семьи к этому добавляются еще и другие заботы: ремонт хозяйственных построек, подготовка сараев, утепление дома, проверка печи и дымохода, заготовка воды и другие работы.

Август - месяц предусмотрительных

Получается, что август для многих семей - это своеобразная подготовка к большой зиме.



зывают, что в Акмолинской области рулон сена можно найти примерно за 5-7 тысяч тенге. Например, встречаются предложения по 5 тысяч, 5,9 тысячи и 6,5 тысячи тенге. Цена зависит от вида сена, веса рулона и места продажи.

Небольшие тюки стоят дешевле - в объявлениях встречаются варианты примерно от 700-1 200 тенге.

Но здесь, как и с дровами, главное - не цена одного рулона, а необходимый объем. Если в хозяйстве несколько голов скота, корм придется закупать десятками рулонов.

Расходы складываются



А. АМАНЖОЛОВА.



сейчас такой же товар продаем уже за 5 000. Одна тетрадь стоит около 25 тенге. Пластилин - от 600 до 1 000 тенге, в зависимости от набора, - рассказывает продавец.

Со школьной одеждой тоже ситуация разная. Школьные костюмы начинаются примерно от 15 тысяч тенге. Рубашки можно найти от 3 тысяч, клас-

шлого года. При этом в зависимости от возможностей местного бюджета в отдельных регионах сумма может быть выше.

Средства предназначены для приобретения школьной формы, обуви и учебных принадлежностей.

Поддержка предусмотрена для детей-сирот и детей, оставшихся без

ТАНЫМ

«ҰМЫТПАСПЫН... ҰМЫТПАСПЫН... ТІРІЛТТІҢ»

Биыл «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы «Татьянаның қырдағы әні» атты тарауының жазылғанына 90 жыл толады. Сол ұлы туынды оқырманымен қалай табысты, сол туралы Бейсекеңді – Бейсенбай Кенжебаевты есіме ала отырып, сыр суыртпақтасам деймін.

Дүние руханиятындағы дана адамдардың емешегі үзіліп тұрып екінші бір адамға қарата: «Ұмытпаспын!.. Ұмытпаспын!.. Тірілттің мені!», – деп көзіне жас алып тұрып жансүйінер сөзін айтқан тұлғаны білмеймін. Бірақ дәл осылай деп айтқан данышпан және сол сөзді айтқызған ерлік иесі қазақ әдебиеті тарихында бар. Ол қаһарман рухтың иесі – қазақ әдебиетінің тарихын он ғасырға ілгерілеткен, ер жүрек, табанды, қайсар, әділ, адал, момындардың ішіндегі асауы, асаулардың ішіндегі момыны, тіктей қараған көзімен бір ғасырдың қас-қабағын білдіретін, мың ауыз сөзге бір-ақ ауыз сөзбен жауап беріп, қарсыласының үнін шығармай тастайтын тұйық шешен, шөкірттеріне жанын қиып беретін және оларға жанын шығара жұмыс істететін ұстаздардың ұстазы, менің де ұстазым – Бейсенбай Кенжебаев. Ол кісінің қарапайымдылығы сондай, қарапайым кісілердің ішіндегі – қарапайымы, қатардағылардың ішіндегі – қатардағысы, үнсіздердің ішіндегі – үнсіз, момындардың ішіндегі – момыны. Бірақ Баукең – Бауыржан Момышұлы дәл тауып айтқанындай, қаһармандардың ішіндегі – қаһарманы еді. Қатардағы қарапайымдардан айырмашылығы – пәкене бойы, қысқа қып қидырған, кірпілене тікелейген шашы ғана. Ал жоғарыда жазылған: «қарапайым кісілердің ішіндегі – қарапайымы, қатардағылардың ішіндегі – қатардағысы, үнсіздердің ішіндегі – үнсіз, момындардың ішіндегі – момыны» – дегенімнің дәлеліне, өзімнің шөкірттік кезімнен шағын естелік келтірумен ғана шектелмін. Бірақ осындағы айтылатын әнтектерім үшін оқырмандардан да, Бейсекеңнің әруағынан да кешірім сұраймын.

Араға тура жарты ғасыр, яғни елу жыл өткен соң барып ұстазымызға беріп отырған бұл «қаһармандық» мінездемелердің мазмұн-мағынасын, қадір-қасиетін естісек те, алғашында жете сезінбегеніміз анық еді. Өйткені алғаш көргенімде, тіпті дәріске бой үйрете бастаған кезімізде де, ол кісі бізге тура жоғарыдағы айтылғанындай, (қарапайым кісілердің ішіндегі – қарапайымы, қатардағылардың ішіндегі – қатардағысы, үнсіздердің ішіндегі – үнсіз, момындардың ішіндегі – момыны) сияқты көрінетін. Аудиторияға студенттермен бірге кіріп, ақырын басып столға отырып, міндетті түрде қоңырау соғылғасын, естілер-естілместей етіп: «Жиырмашы (Жиырмасыншы емес) ғасырдың басында...» – деп, шөкірттерінің алды-арты жиналмастан дәрісін бір қалыпты дауыспен бастай беретін. Алдындағы қағазынан көз алмай оқып отырып, андасанда басын көтеріп: «Солай» деп қоятын. Студенттердің біразы ол кісінің атақты профессор, ұстаздарымыздың ұстазы Бейсенбай Кенжебаев екенін біразға дейін білген де жоқ десем, жаңылыс айтқаным емес шығар. Содан, бойларын үйрете келе, әуелі пысық ұлдарымыз,

оларға ілесіп қыздарымыз да дәріс үстінде ақырын жылыстап шығып кететін болды. Ол кісінің абырой-атағынан, өр рухынан сәл хабардар Мұратқан Қаниев, Айтуған Шәйімов, Несіпбек Айтов, Құрманғазы Бексайынов, Жанболат Аупбаев, Гүлжамал Теміреева сияқты әдебиет тарихына ынталылар ғана алдында бір уыс болып отыратынбыз. Бірде сытылып бара жатқандарды көз астымен шығарып сап, ақырын ғана көзілдірігін бір көтеріп қойып: «Бара берсін. Сендер түгел болсаңдар жетеді. Бүгін әлгі қара бала (Мұратқан) жоқ қой. Өткенде сен болмадың ғой. Білім ынталыға ғана қонады. Сендер оларға еліктемеңдер. Ол болмайды», – дегені бар. Сөйтсек, Бейсекең бәрін біліп, көріп, аңғарлыларды іріктеп, іштей бізді түгендеп отырады екен ғой. Біз ұйып тыңдаймыз. Аз сөзінің астарын өзімізше түсінген боламыз.

Жаңағы сөзден кейін құрметіміз тіпті күшейді. Үзіліс кезінде де аудиториядан шықпайды. Әлдебір қағаздарды ақтарады да отырады. Басқа пәндерден дәріс оқитын Рымғали Нұрғалиев пен Мырзатай Жолдасбековтің кездесулердегі Мұхтар Мағауиннің Бейсекеңнің қаһармандығы туралы аңыз етіп айтқан әңгімелерінен соң ықыласымыз тіпті ерекше болды.

Шәкірттері туралы сұрағанымызда, ғылыми дәрежелерін қорғап кеткен алдыңғыларын атамай, орта ғасыр әдебиеті тарихынан кандидаттық қорғауға дайындалып жүрген Алма Қыраубаеваны ерекше атағаны есімде. Сөйтіп, жүргенде, шашы тірсегіне түскен, қара көзді, сыпайы, әдепті Алма деген қыз Бейсекеңнің тәжірибе сабағын жүргізді. Біздің ішімізде Рымғали Нұрғалиевтің өзінен екі жас үлкен не тете жігіттер бар еді. Әлгілердің серілігі ұстай бастады. Соны естіген Бейсекең дәрісті қайта өз қолына алып: «Алма деген – аяулы бала. Оның мазасын алмандаршы. Өтінемін. Сендер қамқор боп жүріңдерші!», – деп сондай қыла өтінгені, сол кезде көзі де жасаурай қалғандай болғаны әлі есімде. Не деген момын мейірім деші. Өйтпесе қатты бір жекіргені бізге жетіп жатыр еді ғой. Осыдан кейін: «Момындардың момыны еді» демей көріңіз. О, қасиетті әулием, сіздің де көңіліңізге алаң кіргіздік-ау. Өкінішке қарай, орта ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын орнықтыра зерттеген Алма апай Астанаға кеп ұстаздық ықпалын барынша кең арнаға түсірген шағында өмірден ерте өтті. Қолын ұстап отырып қоштасқанымда: «Енді тілдесе алмаспыз» дегені де есімде. Бірақ ұстазының аманатын табанды түрде орындап, орнықтырып кетті. Қазір орта ғасыр әдебиетінсіз әдебиет пәні өтілмейді.

Ал Бейсекеңнің «үнсіздерден де үнсіз», «қаһармандардың қаһарманы» болатыны сол кезде аңызға айналып жүрген мына жайға қатысты. Қатардағы ғылым кандидаттарынан қосылып, азулы академигі қолпаштап, бас идеолог басын үкім айтып сөйлеп, жалғыз өзін талап жатқанда да дыбыс шығармай үнсіз отырып, тек: «Сен өзі шашың тікелейіп, мойныңды төмен салып ап, демінді шығармай, адамның



дымын құртып, бедірейіп отыра береді екенсің», – деп ар-намысына тигенде ғана: «Жеке басқа тиіспейсіз. Білсеңіз, ғылымның сөзін айтыңыз. Білмесеңіз, сауатсыздығыңызды көрсетпей, дәлелсіз шабына бермей орныңызға отырыңыз», – деп дік ете қалатыны, сол сөзбен-ақ әлгі азулы асаудың мысын басатынына қаратыла айтылған еді.

Сол сәтте бар әуселесін сала қарт бурадай шабынған «азулы академик»: «Мынау не дейді, тымпиып отырып бәрін бүлдіреді, бәрібір қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан басталады. Көне түркі, орта ғасыр, жыраулар әдебиеті деген әдебиет жоқ. Мен тұрғанда бұл диссертация өтпейді және кітап боп басылып шықпайды», – деп столды төпелепті. Ол туралы диссертация қорғаушы шөкірті Мұхтар Мағауиннің бізге: «Қорғаудың беті теріс қарап барады. Бейсекең үндемейді, тек: «Дауысқа салайық» деп қарап отыр. Кезекті маған бергенде, диссертацияның жөн-жобасын айта келе: «Жаңа бас оппонент: «Мен тұрғанда диссертация өтпейді, кітап шықпайды», – деді. Қорғаудың нәтижесін кеңес шешеді. Ал бұл кітап боп шығады. Сіздің денсаулығыңыз мықты, жетпіс жасайсыз, тіпті үкіметтің ауруханасының дәрігерінің қарауындасыз, сексен жасайсыз, тағы он жылды Алла тағалам қосып берсін, тоқсан жасайсыз. Ал мен ол кезде бар-жоғы қырық-елуге келем. Сол кезде кітап бәрібір шығады», – дедім. Бейсекең тағы да үндемеді. Әлкей Марғұлан бастаған дегдарлар қостап, қорғап шықтым. Бейсекеңнің жаны содан кейін тыныш тапты. Сонда да үндемеді. Кеудесі тік, тас-түйін қалпынан жазбады. Тек: «Кітапты баспаға дайында», – деді. Сөйтсем, ол кісі бүгінгі текетірегі емес, келешек күресті ойлап, шешім қабылдап, ғылымның келесі баспалдағына жоба жасап отырыпты. «Қобыз сарыны» солай, әлгі академиктің көзі тірі кезінде жарық көрді», – деп айтқаны бар еді.

Бұл қазір айтуға жеңіл, қатардағы қысыр сөздің бірі сияқты көрінгенімен, шындығында, қазақ ұлтының тарихы мен рухани тағдыры таразы басында қылпылдап тұрған шағымды, намысты шағы еді. Егер де жыраулар әдебиеті туралы бұл диссертация қорғалмай қалса, онда қашан тәуелсіздік алғанша қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жыраудан бастап оқып, университет бітіретін едік. Қандай тарих пен әдебиеттен мақұрым қалатынымызды білмей, шын надан ел екендігіміздің белгісі ретінде диплом алып шығар едік. Міне, Бейсекеңнің жеңіске бастай-

тын «үнсіз шешендігінің» бір нәтижесі, ерлігі, қаһармандығы осындай.

Ал бұл қаһармандық жол сонау сұрапыл соғыс жылдарында ұлы Мұхтар Әуезовке: «Сен мені тірілттің!», – деген жан сөзін айтқызған 1942 жылы басталды. Ол қаһармандық қазақ әдебиетінің деңгейін дүниежүзілік дәрежеге көтерген «Абай» романының жарық көруіне байланысты еді. Егер Бейсекеңнің сол ерлігі болмаса, 1943–1945, 1947–1953 жылдарғы саяси науқанның кесірінен, ол романның 1955 жылға дейін шығу-шықпауы неғайбыл болатын. Мәселе былай. 1940 жылы жазылып, жариялануға үнсіз тиым салынған «Абай» романы туралы 1942 жылы 26 июль күні «Социалистік Қазақстан» газетінде Бейсенбай Кенжебаев пен Қуандық Шаңғытбаевтың мақаласы шыға келгенде, әкімшілік орындары да, Жазушылар одағы да, «пәленше мен түгеншелер» де санын бір-ақ соғады. Бейне «жердің астынан жік шығып, екі құлағы тік шыққандай» танданысып қалады. Алғашында бір-біріне қарасып: «Сен білдің бе, сен руқсат берді бе», – десіп елеңдеседі де, істің мәнісі анықталғанда шабуылға тұра ұмтылысты.

Бірақ тым кешігіп қалып еді. Соғыстың төтенше жағдайы барынша түйіліп, «Абайдың» жоқтаушыларының сыбағасын беруге мүмкіндік бермеді. Шығып кеткен кітапты кері қайтарып, басып тастауға қағаздың қат кезінде баспа ны орынсыз шығындатуға батпады. Аса беделді әкімдердің «беделі» «ешқандай патриоттық тақырыпты қозғамайтын» бұл романды жоғарымен келіспей, өз бетінше шығарғаны үшін баспаның бас редакторы Бейсенбай Кенжебаевқа қатаң бүгінгі текетірегі емес, келешек күресті ойлап, шешім қабылдап, ғылымның келесі баспалдағына жоба жасап отырыпты. «Қобыз сарыны» солай, әлгі академиктің көзі тірі кезінде жарық көрді», – деп айтқаны бар еді.

Егер де баспаның бас редакторы Бейсенбай Кенжебаевтың азаматтығы мен батылдығы болмаса, «Абай» романының қашан шығатыны, тіпті, шығу-шықпауы, жалғасының жазылу-жазылмауы неғайбыл еді. Шығарманың құндылығын біле тұра, қасақана қысым жасалғанынан хабардар Б.Кенжебаев екі-үш адамға ғана қысқаша тапсырма беріп, тәуекелге бел буады. «Сүйінші» данасы келген күннің ертеңінде Орталық партия комитетінің органы «Социалистік Қазақстанға» мақаланы жариялап жіберуі де әртүрлі тосқауылдың

алдын алу мақсатында туған еді. Аса жауапты партия қызметкерлерінің біреуі Мұхтардың қыр соңына түскеніне қарамастан, халықтың пікіріне ашық қарсы шыға алмады. Алайда екінші, үшінші, төртінші айлануы тұсында «аңғалдық жасамады», барынша есесін қайтаруға тырысты. Мақсатына түптеп келгенде жетпегенімен, он бес жыл бойы Мұхтардың басына қамшы үйірумен болды. Міне, осындай сынақ сәтінде Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов «Абайды» да, оның авторын да қолтығынан

демеп, «судан алып шықты». Бірақ та Мұхтар мен Сәбиттің арасындағы қарым-қатынас сол шиеленіскен қалпында қалды. «Өкпеге қиса да өлімге қимады» деген мәтелдің шындығына қос алыптың достығы мен араздығының жік арасындағы құбылыс көз жеткізгендей. Бұл тағдыр ұсынған тартыстың басы ғана еді. Қандай да қысастық көрмесін, Б.Кенжебаевтың батылдығының арқасында «Абай» халқының қолына тиді.

Мұхтар Әуезовтің ұлы даңқ сапарына аттануына осындай септігі тиген Бейсенбай Кенжебаев алғашқы «сүйінші» нұсқаны ауруханада жатқан жазушыға апарып береді. Сонда тереңден қарап тұрып, кітаптың мұқабасын сипалай түсіп, екі көзінен аққан жас кесек те келісті бетін жуып, моншақтай төлігіп: «Ұмытпаспын... Ұмытпаспын» деп кемсеңдей жөнеліпті. «Тірілттің... тірілттің» дегенін де Бейсенбай Кенжебаев естіпті. Бірақ бұл сөзді осынау қарапайым, сырт көзге жұмсақ, ерекшелене бермейтін, іші алтын, мақсаты жолында да қарағаштай қатып қалған ғалым ешқашан да сыртқа шығарып, мақтанған емес. Ол үшін жай ғана кезекті міндет, азаматтық парыз бұл. Сөзіміздің дәлелі үшін, аз сөйлеп, көп іс тындырған Бейсенбай Кенжебаевтың аруағына тағзым ете отырып, сол бір мезет жөнінде жазған өзінің естелігін ұсынамыз.

«Москваға 1941 жылдың басындағы бір келуінде Мұхтар өте қуанышты еді. Кездесіп, әңгімелесе бастағанымызда-ақ ол: – Мен биыл бір үлкен жұмыс бітірдім. Абай туралы біраз жылдан бері жазып жүрген романымның бірінші кітабын баспаға бердім. Бұған дейін ірілі-уақты біраз шығарма жаздым ғой. Мына романым соның бәрінен өзге, жазушылық қызметімнің бір биік белесі сияқты. Адам өзінің әр жұмысына, біріне аз, біріне көп дегендей, әр түрлі қанағаттанады, түрліше риза болады ғой. Осы романыма айрықша бір көңілім толғандай, – дегенді айтты...

1941 жылы май айында мен Алматыға ауысып келіп, қазақтың мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып тағайындалдым да, дүние жүзіне мәшһүр болған асыл шығарманың алғашқы кітабын дер кезінде бастырып шығару борышы – ардақты борыш менің де үлесіме тиді. Былай дейтінім, баршаңызға мәлім, сол жылы 22 июньде Ұлы Отан соғысы басталды да, баспаның жұмысын осы қаһарлы күндердің зәру қажетіне ыңғайластыру мақсатымен және кейбір жабдықтар мен қызметкерлердің жетіспеуі салдарынан, оның бұрынғы

жоспары өзгертіліп, біраз шығармаларды тоқтата тұруға мәжбүр болдық. Бірақ біз, баспа қызметкерлері, әрі ойласып, бері ойласып, романды ертерек шығару қажет деп таптық. Көп кідірмей машинкаға жаңа әріппен қайта басқызып (кітап алғашында ескі латын әрпімен терілген еді), баспаханаға жібердік. Келесі 1942 жылы июль айында «Абай» баспадан шыққан күні ол жөнінде Қуандық Шаңғытбаев екеуміздің мақаламыз да жарық көрді. («Социалистік Қазақстан», 26 июль, 1942 жыл). «Абай» романы шығаруға менің де біраз еңбек сіңіргенімді Мұхаң байқап, маған өз кітабының бетіне мынадай сөздер жазып сыйлады:

«Бейсенбайға!

Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айрықша сүйініп бағалаған жүрекпен сыйлаймын.

Мұхтар.

31. VIII. 42».

Ұлы оқиға туралы естеліктің ұзын-ырғасы осы ғана. Әрі қысқа, әрі нұсқа. Өзге біреу болса қалай шалқып, қалай көсілемін десе, реті келіп-ақ тұрған ұрымтал тұс. Өкініштісі, келер ұрпаққа аса қажет көңіл күй толғаныстарының айтылмай қалуында. Алайда ауа жайылып, орайы келгенде, өзін алға ұстау – Бейсекеңе жат. Мұхтарды сүйіндірген де, «осы сен неге бізге қарсы сөйлемейсің» деп өзгелерді күйіндірген де – сол қарапайымдылығы мен қайсарлығы болатын.

Міне, Бейсекеңнің тәуекелшіл ерлігінің, Баукеңше айтсақ, қаһармандығының арқасында кейіпкер «Абай» – «халық ата, халық анаға» осылай жол тартып еді.

Адал, ары таза, туған халқының рухани өмірінің шынайы жанашыры Бейсекеңнің екінші үлкен өмірі «Абай» романы үшін баспадан қызметтен шығарылған соң, университетке ауысқан сәттен басталды. Аты ауызға алынбайтын, «Алаш» ұранының авторы Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы диссертация қорғады. Қазақ әдебиеті кафедрасын басқарды, профессор атағын алды. Арада жиырма жыл өткен соң қазақ әдебиетінің тарихын он ғасыр «ары жылжытып» екінші азаматтық ерлік жасады. Сол ширек ғасыр аралығында – халықтың рухани мұрасын қалпына келтіру жолында неше түрлі құқайды көрді. Арсыз арандатуды да, жазықсыз жаланы да, ашықтан-ашық қорлауды да үнсіз қабылдап, ғылыми бағытынан танбады. Ақыры мұратына жетті. Қазір қазақ әдебиетінің тарихын VIII ғасырдан бастап, XI–XIV ғасырмен жалғастырып, Қорқыт пен Асан қайғыдан бастау – бүгінде ешқандай таңсық емес. Бірақ та ол үшін бір адам өзінің ғұмырын құрбан еткенін есте ұстау парыз. Бүгінгі әдебиет тарихының құлып-қақпасын ашқан Бейсекеңнің – Бейсенбай Кежебаевтың рухы ұлтының рухани жадында мәңгі қалады.

Сондай дегдардан дәріс ап, Рымғали Нұрғалиевтің жетектеуімен шаңырағынан дәм татып: «Жақсы жүр» деген бірауыз жылы тілегін естіген біздің де жүрек жұбанышымыз шексіз. Қасиетінен айналдық, ұстаздардың ұстазы!

Т. ЖҰРТБАЙ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, алаштанушы ғалым.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР – НА АКТУАЛЬНЫЕ ТЕМЫ

Халықаралық жастар күніне арналған футбол турнирі

Халықаралық Жастар күнін мерекелеу аясын- да футбол турнирі өтті, оған 4 команда қатысты: Ергорлка ауылдық округі, Вознесенка ауылдық округі, Никольск ауылдық округі және Макинск қаласы.

Жарыс қорытындысы бойынша орындар:
1-орын – Макинск қаласы
2-орын – Никольск ауылдық округі
3-орын – Вознесен ауылдық округі
Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтаймыз! Барлық қатысушыларға жаңа спорттық жетістіктер, жарқын жеңістер мен табыстар тілейміз!

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.



Турнир по футболу, приуроченный к Международному дню молодежи

В рамках празднования Международного дня молодежи состоялся футбольный турнир, в котором приняли участие 4 команды: Ергольский сельский округ, Вознесенский сельский округ, Никольский сельский округ и город Макинск.

По итогам соревнований места распределились следующим образом:

1 место – город Макинск

2 место – Никольский сельский округ

3 место – Вознесенский сельский округ

Поздравляем победителей и призёров! Желаем новых спортивных достижений, ярких побед и успехов!

**Молодежный ресурсный центр
Бұландынского района.**

Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «Tort Tulik» мобильді қосымшасы іске қосылды

Жануарларды есепке алу: Ауылшаруашылық министрлігінде мал иелері үшін пайдалы мобильді қосымша әзірленді.

Қазақстанда ағымдағы жылдың 18 шілдесінен бастап ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «Tort Tulik» мобильді қосымшасы іске қосылды. Жобаны Ауыл шаруашылық министрлігі АӨК-дегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірлесіп әзірледі. Қосымша ауыл шаруашылық жануарларының базасын кеңейтуге көмектеседі, әр бір жануар иесі (ШҚ, ЖШС, ЖҚШ және т.б.) өз малына түгендеу жүргізе алады. Осының арқасында ветеринарлар ветеринариялық-профилактикалық шараларды уақтылы және толық көлемде жүргізуге мүмкіндік алады.

Қолданба смартфон арқылы ветеринариялық төлқұжат алуға болады және болашақта малды сатып алу-сату, жоғалған кезде текті ауыстыру, сондай-ақ союдан кейін жануарды есептен шығару рәсімдерін жасауға болады. «Tort Tulik» ауыл тұрғындары үшін ақпараттық хабқа айналады.

Қолданбада саланың соңғы жаңалықтарын жіберу мүмкіндіктері, алдағы вакцинация туралы хабарламалар және т.б. бар. Қолтаңба жаңартылған сай-

ын ет сатып алушыларға арналған бөлім енгізіледі. Қойынды да «sogum.kz» қазақстандықтар жануардың ветеринариялық бақылауынан өткен ушаға тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіден тапсырыс бере алады.

«Tort Tulik» Android Playmarket –тен жүктеуге қол жетімді болғанша, әзірлеушілер кейінірек қосымшаны iOS-тағы смартфондарға бейімдейді. Айта кетейік, мобильді бағдарламаның әлеуетті пайдаланушылары бүкіл ел бойынша 1,5 млн мал иесі болады.

«Tort Tulik» қосымшасы арқылы иелерге келесі функция/өтініш қолжетімді:

1. төлді тіркеуге қою;
2. жануарды сатып алу-сату (бір тұрғылықты жерде);
3. өз қажеттілігіне сойылған жануарды тіркеуден шығару;
4. ветеринариялық паспортты алу;
5. ауыл шаруашылық жануарларының мәліметтеріне түзетулер жүргізу.

Толық ақпарат алу үшін «Ақмола облысының ветеринария басқармасының өкілдеріне» хабарласуларыңызға болады. Макинск қаласы, Лесная көшесі 7 үй, 2-16-90.

Мобильное приложение для владельцев сельскохозяйственных животных «Tort Tulik»

В Казахстане с 18 июля текущего года запущено мобильное приложение для владельцев сельскохозяйственных животных «Tort Tulik». Проект разработан Министерством сельского хозяйства совместно с Аналитическим центром экономической политики в АПК. Приложение поможет расширить базу сельскохозяйственных, каждый владелец животного (КХ, ТОО, ЛПХ и др.) может провести инвентаризацию своего поголовья. Благодаря этому у ветеринарных врачей будет возможность своевременно и в полном объеме проводить ветеринарно-профилактические мероприятия. Приложение работает через смартфон. Через программу также можно будет получить ветеринарный паспорт, и в будущем совершить процедуры купли-продажи скота, замены бирки при утере, а также снять животное с учета после убоя. «Tort Tulik» станет для сельчан своего рода информационным хабом.

Приложение содержит функции рассылки последних новостей отрасли, уведомления о предстоящей вакцинации и много другое. По мере обновления приложения будет внедряться раздел для покупателей мяса. Во вкладке «sogum.kz» казахстанцы смогут заказать тушу прошедшую ветеринарный контроль животного напрямую

у сельхозпроизводителя. Приложение поможет расширить базу сельскохозяйственных животных, каждый владелец животного (КХ, ТОО, ЛПХ и др.) может привести инвентаризацию своего поголовья.

Через приложение «Tort Tulik» владельцам доступны следующие функции/заявления:

1. постановка на учет животного (в одном населенном пункте);
2. продажа и покупка животного (в одном населенном пункте);
3. снятие с учета животного для личного пользования;
4. получить ветеринарный паспорт;
5. осуществлять корректировку данных по сельскохозяйственным животным.

Пока «Tort Tulik» будит доступен для скачивания в Android Playmarket, позже разработчик адаптирует приложение и для смартфонов на iOS. Отметим, потенциальным пользователем мобильной программы станут 1,5 млн владельцев скота по всей стране.

Для более подробной информации просим обращаться: г. Макинск, ул. Лесная 7. Тел.2-16-90, представителям Управления ветеринарии Акмолинской области.

«Мы вернем ваши деньги»: как мошенники заманивают жертв в новую ловушку

Человек уже потерял деньги: перевел их на «безопасный счет», поверил лжеброкеру или вложился в фиктивный инвестиционный проект. И когда надежды вернуть средства почти не остается, раздается новый звонок: «Ваши деньги найдены. Мы поможем их вернуть». На связь выходит «юрист», «специалист по возврату» или представитель некоей организации. Деньги якобы уже найдены или заблокированы, осталось лишь оплатить комиссию, налог или услуги специалиста.

Именно так работает recovery scam – повторное мошенничество, рассчитанное на людей, которые уже потеряли деньги. Злоумышленники используют их желание вернуть утраченное и фактически пытаются обмануть одну и ту же жертву второй раз.

Как распознать данную схему мошенничества и не потерять деньги повторно, расскажет Fingramota.kz.

Почему мошенники возвращаются к тем, кого уже обманули

После финансовой потери человек находится в уязвимом состоянии. Он может испытывать тревогу, злость, чувство вины и одновременно искать любой способ вернуть деньги. Мошенники используют именно эту надежду. Более того, у них уже может быть информация о жертве: имя, номер телефона, сумма потери, название лжеинвестиционного проекта, дата перевода и даже содержание предыдущих разговоров.

Иногда повторный контакт происходит со стороны той же преступной группы. В других случаях сведения о людях, которых удалось обмануть, могут использоваться для новых атак.

Поэтому второй мошенник зачастую выглядит гораздо убедительнее первого. Ему уже не нужно долго завоевы-

вать доверие, достаточно сказать то, что человек больше всего хочет услышать: «Ваши деньги можно вернуть».

Схема №1. «Ваши деньги найдены»
Представим ситуацию. Несколько месяцев назад человек потерял 2 млн тенге на лжеинвестициях. Неожиданно ему звонит «специалист международной финансовой организации». Он знает название платформы, на которой человек «торговал», его имя и даже примерную сумму вложений.

Затем сообщает: деятельность компании якобы расследовали, ее счета заблокированы, а часть денег пострадавших обнаружена. Чтобы получить свои 2 млн тенге обратно, необходимо оплатить, например, 120 тыс. тенге за «разблокировку счета».

Человек рассуждает вполне логично: «Я уже потерял два миллиона. Если есть шанс вернуть их за 120 тысяч, почему не попробовать?». После первого платежа появляется второй: нужно оплатить налог. Затем комиссию иностранного банка. Потом страховку международного перевода.

Деньги не возвращаются, зато первоначальная потеря продолжает увеличиваться.

Схема №2. «Юристы по возврату денег»

Другой распространенный сценарий строится вокруг юридической помощи. После публикации жалобы в интернете или поиска информации о возврате денег человеку может написать «юридическая компания». Ее представители обещают найти мошенников, заблокировать их счета и вернуть похищенные средства. Для убедительности создается профессионально оформленный сайт, демонстрируются лицензии, сертификаты, отзывы «клиентов», фотографии офиса и документы с печатями.

Иногда человеку даже сообщают, что платить за сам возврат ничего не нужно — только небольшую сумму за «открытие дела», «судебный сбор», «перевод документов» или «услуги зарубежного адвоката». Затем возникают новые расходы.

Само по себе оказание платных юридических услуг, конечно, не является признаком мошенничества. Насторожить должно другое: гарантия возврата денег, требование срочной предоплаты, отсутствие возможности нормально проверить компанию и появление все новых платежей, без которых якобы невозможно получить уже найденные средства.

Ни один добросовестный специалист не может гарантировать возврат похищенных денег независимо от обстоятельств дела.

Схема №3. «Вам пишет регулятор»

Еще опаснее, когда злоумышленники представляют сотрудниками государственного органа, полиции, банка, финансового регулятора или международной организации. Человеку могут направить официально выглядящее письмо с логотипом, номером «дела», печатью и подписью. В нем сообщается, что похищенные средства обнаружены и для их возврата необходимо пройти «идентификацию». Дальше могут попросить сообщить данные банковской карты, код из SMS, установить приложение, перейти по ссылке или перевести деньги для «подтверждения счета».

Здесь важно помнить простое правило: название известной организации, логотип и фотография документа сами по себе ничего не подтверждают. Такие материалы легко скопировать или подделать.

Если с вами неожиданно связался

представитель какой-либо организации, не продолжайте разговор по указанному им контактам. Самостоятельно найдите официальный номер организации и уточните информацию.

Схема №4. Деньги «нашлись» в криптокошельке

Этот сценарий также часто используют после мошенничества с инвестициями и криптоактивами. «Эксперт» сообщает пострадавшему, что его деньги удалось отследить в блокчейне и обнаружить на зарубежной криптоплатформе. Для убедительности могут прислать скриншот кошелька, где действительно отображается крупная сумма. Но для вывода средств необходимо сначала оплатить «газ», комиссию, налог, верификацию или внести гарантийный депозит. После платежа возникает новая причина, почему вывести деньги пока нельзя.

Важно понимать: цифры на присланном скриншоте или неизвестном сайте не доказывают существование денег и тем более право человека на их получение.

Уже заплатил за «возврат». Что делать?

Первое – не переводить больше денег, даже если вам говорят, что предыдущий платеж пропадет или для завершения возврата осталось внести «последнюю комиссию». Не пытайтесь вернуть уже уплаченное новым платежом.

Свяжитесь со своим банком через официальный канал и сообщите о совершенных переводах. Если вы передали данные карты, пароли, коды или предоставили удаленный доступ к устройству, обязательно сообщите об этом банку и примите необходимые меры для защиты счетов и аккаунтов.

Обратитесь в правоохранительные

органы и сохраните всю информацию: переписку, номера телефонов, адреса сайтов, банковские реквизиты, чеки, скриншоты, документы и голосовые сообщения.

И будьте готовы к тому, что после этого вам снова могут позвонить — уже от имени другого «специалиста», который предложит вернуть деньги, потерянные во второй схеме.

Как проверить предложение о возврате денег

Если вам неожиданно сообщили, что похищенные средства найдены, не принимайте решение во время разговора.

Положите трубку и самостоятельно проверьте информацию. Найдите официальный сайт организации, от имени которой к вам обращаются, и свяжитесь с ней по контактам, найденным вами самостоятельно, а не по номеру или ссылке из сообщения.

Не переводите деньги для «разблокировки», «верификации» или получения уже принадлежащих вам средств только на основании телефонного разговора или переписки.

Не устанавливайте приложения по просьбе «специалиста по возврату» и не предоставляйте удаленный доступ к смартфону или компьютеру.

Не сообщайте SMS-коды, пароли, PIN-коды и данные банковской карты.

И с осторожностью относитесь к обещаниям гарантированно вернуть 100% потерянных средств.

Fingramota.kz напоминает: после первой атаки мошенники могут попытаться воспользоваться вами повторно. Поэтому задача пострадавшего — не искать любой способ вернуть деньги, а выбирать только законные и проверяемые способы защиты своих прав.

fingramota.kz.

АҚПАРАТТЫҚ БЕТ – ИНФОРМАЦИОННАЯ СТРАНИЦА

Хабарландыру!

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы Макинск қаласының Балалар музыка мектебі» МКҚК 2026-2027 оқу жылына келесі мамандықтар бойынша оқушыларды 17 тамыздан бастап қабылдайтынын хабарлайды:

Қобыз - оқу мерзімі 5 жыл
Домбыра - оқу мерзімі 5 жыл
Гитара - оқу мерзімі 5 жыл
Баян-аккордеон - оқу мерзімі 5 жыл
Вокал оқу мерзімі – 7 жыл
Осы мамандықтар бойынша бос орындар шектеулі!
Оқушылардың құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүргізіледі:

Жұмыс кестесі: көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қабылдайды.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру мемлекеттік қызмет көрсету сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін жүргізіледі.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет үшін қажетті құжаттар тізбесі: Көрсетілетін қызметті берушіге:

1) ата-анасының біреуінің (немесе басқа заңды тұлғаның) Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазылған өтініші;

2) баланы тұлғасын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 027/у нысаны бойынша медициналық анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуына негіз болатын жағдайлар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) қосымша білім беру ұйымдарындағы топтардың немесе топтарды қалыптастыру жоспарының толып кетуі.

Біздің мекен-жайымыз: Балуан Шолақ көшесі, 30.

Анықтама телефоны: 8 (716 46) 4-24-12.

Объявление!

ГККП «Детская музыкальная школа города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» с 17 августа объявляет набор учащихся на 2026-2027 учебный год по следующим специальностям:

Қобыз – 5 лет обучения
Домбыра - 5 лет обучения
Баян-аккордеон – 5 лет обучения
Гитара - 5 лет обучения
Вокал 7 лет обучения
Вакантные места по данным специальностям ограничены!

Прием и зачисление учащихся производится согласно стандарту государственной услуги «Прием документов и зачисление в организации дополнительного образования для детей по предоставлению им дополнительного образования».

График работы: услугодателя: с понедельника по пятницу, за исключением выходных и праздничных дней согласно трудовому законодательству Республики Казахстан в соответствии с установленным графиком работы услугодателя;

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется с 09.00 до 18.00 часов с перерывом на обед с 13.00 до 14.00 часов;

Государственная услуга оказывается в порядке очереди без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги: Услугодателю или Государственной корпорации:

1) заявление по форме согласно приложению 1 к Стандарту одного из родителей (или иных законных представителей);
2) документ, удостоверяющий личность ребенка либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);

3) медицинская справка по форме № 027/у, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 21579).

Основания для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан:

1) установление недостоверности документов, представленных для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2) переполненность групп комплектований организации дополнительного образования или плана формирования групп

Наш адрес: Балуана Шолака, 30.

Телефон для справок: 8 (716 46) 4-24-12.

Пожарная безопасность в лесах – ответственность каждого

Лес – это наше природное богатство, которое необходимо беречь и сохранять для будущих поколений. Однако в пожароопасный период лесные массивы становятся особенно уязвимыми. Один небольшой костер, непотушенный окурок или неосторожное обращение с огнем могут привести к серьезному лесному пожару.

В учреждении постоянно проводится работа по предупреждению и своевременному обнаружению лесных пожаров. Работники государственной лесной охраны осуществляют патрулирование закрепленной территории, контролируют соблюдение требований пожарной безопасности, проводят профилактические мероприятия и разъяснительную работу среди населения.

Особое внимание уделяется местам массового отдыха людей, участкам, прилегающим к автомобильным дорогам и населенным пунктам. Именно человеческая неосторожность зачастую становится одной из основных причин возникновения пожаров в лесу.

Важную роль в профилактике лесных пожаров играет подготовка территории. Проводятся работы по созданию и уходу за минерализованными полосами, которые препятствуют распространению огня и помогают локализовать возгорание. Лесная охрана также регулярно проверяет готовность противопожарного инвентаря, техники и средств связи.

При обнаружении возгорания счет идет на минуты. Поэтому одна из главных задач лесной охраны - как можно быстрее обнаружить пожар, определить его местонахождение и приступить к тушению. От слаженности действий работников лесничества, правильной оценки обстановки и своевременного привлечения техники зависит, удастся ли не допустить распространения огня на значительную площадь.

Но какой бы хорошо организованной ни была работа лесной охраны,



сохранить лес без участия самих граждан невозможно.

В период высокой пожарной опасности необходимо строго соблюдать правила поведения в лесу. Запрещается разводить костры в местах, где это не разрешено, оставлять непотушенный огонь, бросать горящие спички и окурки, а также оставлять после отдыха стеклянные и другие пожароопасные предметы.

Особенно важно помнить: даже после того, как кажется, что костер полностью погас, необходимо тщательно залить его водой и убедиться в отсутствии тления. Оставленный без присмотра костер может стать причиной большого пожара.

Обращаемся ко всем жителям и гостям нашего района: находясь в лесу, будьте предельно осторожны с огнем. Не проходите мимо замеченного возгорания. При обнаружении дыма или огня необходимо незамедлительно сообщить об этом в соответствующие службы и указать максимально точное место происшествия.

Лесной пожар уничтожает не только деревья. Огнем гибнут молодняк, животные, птицы и другие представители лесной экосистемы. На восстановление леса после пожара могут потребоваться десятилетия.

Беречь лес - значит беречь жизнь и будущее нашей природы. Пожарная безопасность начинается с ответственности каждого из нас.

Давайте вместе сохраним лес от огня!

С. СИРОТКИН, лесничий лесничества Қарағаш КГУ «Отраденское учреждение лесного хозяйства».



Аудан аумағында өрт қауіпсіздігі айлығы өтеді

Жылыту кезеңінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз!

* Электр желісіне бірнеше электр құралын қатар қоспаңыз.

* Балаларды қараусыз қалдырмаңыз.

* Пештерді, мұржаларды және электр сымдарын уақытылы тексеріңіз.

* Газ және электр құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыз.

* Пешті пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтаңыз.

* Үйде алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуын қамтамасыз етіңіз.

* Тұрғын үйде түтін датчиктерін орнатыңыз.

* Өрт болған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз!

* * *

Улы газдан сақ болыңыз!

Көміртек тотығы (иіс газы) – түссіз, иіссіз және өте улы газ. Ол отынның (көмір, ағаш, газ және т.б.) толық жанбауы нәтижесінде түзіледі.

Уланудың негізгі себептері:

* пеш, қазандық және түтін мұржаларының ақаулы болуы;

* түтін мұржасының тартуының жеткіліксіздігі немесе бітелуі;

* пештің түтін шығатын жапқышын (заслонкасын) ерте жабу;

* газ құрылғыларын желдетуі нашар бөлмеде пайдалану;

* ақаулы жылыту құрылғыларын пайдалану.

Алдын алу: пештер мен түтін мұржаларын үнемі тексеріп, тазалап

отырыңыз. Бөлмеде жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. Жылыту құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыз және үйге көміртек тотығын анықтайтын датчик орнатыңыз.

* * *

Өрт қауіпті кезеңдегі егін жинау науқаны

Егін жинау кезеңінде өрттің шығу қаупі айтарлықтай артады. Ауыл шаруашылығы техникасының жұмысы, құрғақ өсімдіктер, ауаның жоғары температурасы және отпен абайсыз жұмыс істеу егістіктерде өрттің шығуына, оның үлкен аумақтарға таралуына және елді мекендерге қауіп төнуіне әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты Бұландын ауданының төтенше жағдайлар бөлімі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, шаруа қожалықтарының басшыларына және егін жинау науқанына қатысушылардың барлығына өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтаудың қажеттілігін ескертеді.

Егін жинау жұмыстары басталғанға дейін тракторлардың, комбайндардың және басқа да ауыл шаруашылығы техникаларының жарамдылығын тексеру, оларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ қозғалтқыштарды, тораптар мен агрегаттарды егін қалдықтарынан, шаңнан және өсімдік қалдықтарынан тазарту қажет.

Орман алқаптарына, автомобиль және темір жолдарға, сондай-ақ елді мекендерге жақын орналасқан егістіктерге ерекше назар аудару қажет. Егін жинау жұмыстары жүргізілетін жерлерде өрттің таралуын болдырмайтын минералдандырылған жолақтар қарастырылуы тиіс.

Қатаң түрде тыйым салынады:

* егін жинау жұмыстары жүргізілетін жерлерде темекі шегуге

және ашық от жағуға;

* жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы техникасын қараусыз қалдыруға;

* ақаулы машиналар мен механизмдерді пайдалануға;

* тікелей егістікте ашық отты пайдаланып техниканы жөндеуге;

* қозғалтқыштар мен шығару жүйелерінің маңында егін қалдықтарының жиналуына жол беруге;

* белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамай аңыздарды және өсімдік қалдықтарын өртеуге.

Егін жинау науқанына жұмылдырылған барлық техника жарамды өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етілуі тиіс, ал механизаторлар мен жүргізушілер өрт шыққан жағдайда қандай әрекет жасау керектігін білуі қажет.

Өрт болған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне дереу хабарлау, оқиғаның нақты орнын айту және өмір мен денсаулыққа қауіп төндірмеген жағдайда қолда бар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіруге кірісу қажет.

Құрметті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері және Бұландын ауданының тұрғындары! Егіннің, техниканың, мүліктің және ең бастысы, адамдардың өмірінің қауіпсіздігі егін жинау науқанына қатысушылардың әрқайсысының өрт қауіпсіздігі талаптарына жауапкершілікпен қарауына байланысты.

Қарапайым ережелерді сақтау егінді сақтауға және өрт қауіпті кезеңде төтенше жағдайлардың туындауына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Бұланды ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.